



ХАТТАМА №1

ПРОТОКОЛ

24.08. 2020 жыл
Құлсары қаласы

Қатысқандар:

1. Әлеуметтік педагог – А.Ж.Тулепова
2. Кеңес төрағасы – Джумсакбаева Айнагул
3. Кеңес мүшесі- Кашабаева Актоты
4. Кеңес мүшесі – Дембосинова Саягүл
5. Кеңес мүшесі –Қабдығалиева Дина
6. Кеңес мүшесі – Косжанова Жанаргүл
7. Кеңес мүшесі –Балымбетова Роза
8. Кеңес мүшесі- Ботаева Гулбаршын
- 9.Кеңес мүшесі –Тәуекел Айнұр
- 10.Кеңес мүшесі – Шамаева Эльмира

Күн тәртібінде:

1. Пандемия кезіндегі онлайн сабақтың тиімділігі үшін әлеуметтік осал топ санатындағы оқушыларға қаржылай көмек көрсету

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қаралып отырған мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы болып өтті. Кеңес төрағасы Джумсакбаева Айнагул жиналысты ашып, алдағы Білім күні мерекесімен құттықтап сөз сөйледі. Биылғы басталғалы отырған жаңа 2020-2021 оқу жылы әлемдік пандемияға байланысты қашықтықтан (онлайн) жүргізілгелі отыр. Былтырғы оқу жылының соңғы наурыз,сәуір, мамыр айларында балаларымыз онлайн оқыды. Сол кезде көптеген отбасылар интернеттің, электрондық құрылғының тапшылығынан оқушылардың оқуға үлгерімі біраз қиындық тудырды. Әсіресе, әлеуметтік осал топ отбасы балалары үшін қиын болды.Осыған

орай, оқушылардың қашықтықтан оқуын қамтамасыз ету мақсатында үйінде интернет желісі жоқ әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан төмендегі 10 отбасы оның ішінде 33 оқушыға мектептің жалпыға міндетті оқу қорынан роутер модем мен үш айлық балланс алу үшін осы оқушылардың ата-аналарының жеке шотына 40 000 теңге аударылады. Олар әлеуметтік тұрмысы төмен, жетім, көп балалы отбасынан шыққан балалар болуы керек. Мына төмендегі ұсынып отырған оқушыларды саралап, анықтап, мектеп бойынша барлық оқушының жағдайын тексере отырып, лайықты оқушыларды ұсынуымыз керек. Ұсынылған оқушылар: 1.Сарсенов Қанат,Сарсен Жомарт, Сәрсен Қуаныш -жартылай жетім, отбасында 4 бала.біреуі студент. 2.Әмин Кәусар,Әминова Аружан, Әмин Әлкей,Әминова Маржан- көп балалы,бір ата-ана тәрбиесінде. Отбасында 5 бала.біреуі мектеп жасына дейінгі.3.Сандыбаев Даниял,Сандыбаев Әділжан,Сандыбаева Нурия, Сандыбаева Жания- көп балалы отбасы. Отбасында 7 бала.Екеуі студент,біреуі мектеп жасына дейінгі.4.Асхатұлы Абдурахман, Асхатқызы Дильназ,Асхатқызы Гүлназ,Асхатқызы Фатима- көп балалы.Отбасында 6 бала.екеуі мектеп жасына дейінгі.5.Итолыев Қанат,Итолыева Жанат,Итолыев Аманат – жартылай жетім.Отбасында 3 бала мектеп жасында.6.Сақып Данабек,Сақып Алма,Сақып Исабек,Сақып Әсемгүл,Сақып Ердаулет-көп балалы,отбасында 11 бала, бесеуі мектеп жасында,төртеуі мектеп жасына дейінгі.7.Қайратұлы Ақниет –жартылай жетім. Отбасында 2 бала,біреуі мектеп жасына дейінгі.8.Айтжан Мереке,Айтжанова Шаттық,Айтжан Құдайберген- аз қамтылған, бір ата-ана тәрбиесінде.Отбасында 5 бала.екеуі студент. 9.Усманова Айгүл,Усманова Жадыра,Осман Жандарбек- көп балалы.Отбасында 5 бала. Біреуі студент.10.Сембі Бейбіт,Сембі Мөлдір-жартылай жетім. Отбасында 4 бала,екеуі мектеп бітірген,оқу оқымайды,жұмыс жасамайды.

Сөйлегендер:

- 1.Кеңес мүшесі: Ботаева Гүлбаршын сөз алды. «Қазіргі уақытша қиын жағдайда төзімділік танытып, балаларымыздың сапалы білім алуына ықпал жасайық» деп өз үндеуін жеткізді.
- 2.Кеңес мүшесі: Дембосинова Саягүл сөз алды. Ол да өз сөзінде ұсынылған 33 оқушының жағдайымен танысып, қолдап отырғанын айтты. Барлық қатысушы кеңес мүшелері бір ауыздан аталған оқушыларды ұсынатындарын жеткізді.

Ұсыныс

1. Ұсынылған оқушылардың құжаттары жинақталсын.
2. Әлеуметтік педагог пен ата-ана тығыз байланыста болсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:

Днес

А.Джумсакбаева
Д.Қабдығалиева

Қабдығалиева